

БӨЛІМ: UNIVER / БАСТАУЫШ СЫНЫП / ҚАЗҰҚПУ / СТУДЕНТ

Бастауыш сынып оқушыларының "Hard skills" дағдыларын дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.12.2024

ТІРЕК СӨЗДЕР

Hard Skills, академиялық дағдылар,
бастауыш сынып, практикалық
сабақтар, цифрлық технологиялар

СІЛТЕМЕ

<https://bilimger.kz/172676/>

Байназарова Тұрсынай Бейсембековна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қауымдастырылған профессордың м.а.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Алматы қаласы

Қалмұхамет Арудан Ерланқызы, Мейрман Гулнур Мусақызы

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті 2 курс студенттері

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ HARD SKILLS ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының Hard Skills дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында академиялық және техникалық дағдылардың қалыптасуы, цифрлық технологиялардың ықпалы және практикалық сабақтардың рөлі талданған. Оқушылардың Hard Skills дамыту олардың академиялық табыстары мен болашақ кәсіби дайындығының негізі ретінде көрсетілген.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, Hard Skills, практикалық сабақтар, цифрлық технологиялар, академиялық дағдылар.

Аннотация

В статье рассматривается вопрос развития Hard Skills у учеников начальных классов. Исследование посвящено формированию академических и технических навыков, влиянию цифровых технологий и роли практических занятий. Развитие Hard Skills представлено как основа академического успеха и профессиональной подготовки учеников.

Ключевые слова: начальные классы, Hard Skills, практические занятия, цифровые технологии, академические навыки.

Annotation

This article examines the development of Hard Skills in primary school students. The study focuses on the formation of academic and technical skills, the influence of digital technologies, and the role of practical lessons. Developing Hard Skills is highlighted as a foundation for students' academic success and professional preparation.

Keywords: primary school, Hard Skills, practical lessons, digital technologies, academic skills.

Қазіргі білім беру жүйесі цифрландыру мен технологиялық өзгерістер жағдайында өскелең ұрпақты өмірге дайындауға бағытталған елеулі өзгерістерге ұшырауда. Аттоева М. И. оқу пәндерін интеграциялау бастауыш білім берудің тиімділігін арттырып, негізгі дағдыларды, әсіресе Hard Skills дағдыларын қалыптастырудың негізін қалайтынын атап өтеді [1, 79 б.].

«Hard Skills» ұғымы білім беру контекстінде оқушыларға нақты тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін өлшенетін практикалық дағдыларды білдіреді. Асманова Ю. И. мен Горячева М. В. еңбектерінде жеке тұлғаға бағытталған тәсіл техникалық және кәсіби дағдыларды игеруге ықпал ететіні атап өтілген [2, 99 б.]. Бұл сондай-ақ Дүниежүзілік

экономикалық форумның мәліметтерімен расталады, онда техникалық және әмбебап дағдылардың (Soft Skills) үйлесімі табысты мансаптық дамудың негізі болып табылатыны айтылған [3, 38 б.].

Сөздіктерде Hard Skills ұғымы ақпаратпен, бағдарламалармен, құралдармен жұмыс істеуге байланысты нақты кәсіби құзыреттер ретінде анықталады. Гуацаева А. А. қазіргі заманғы кәсіби білім беру Hard Skills-ті теориялық және практикалық тәсілдерді кешенді интеграциялау арқылы қалыптастыратынын атап көрсетеді [4, 3 б.].

Ғылыми мақалаларды, нормативтік құжаттарды және өз көзқарасымызды талдай отырып, бастауыш сынып оқушыларында Hard Skills дағдыларын дамыту тек олардың академиялық жетістіктерінің кепілі ғана емес, болашақтағы кәсіби сынақтарға дайындықтың негізгі элементі екені анықталды. Бұл зерттеу осы дағдыларды дамытудың практикалық әдістерін және оларды бастауыш мектептің оқу процесіне интеграциялауды зерттеуге бағытталған.

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесі заман талабына сай өзгерістерге ұшырады. Қазір балалар тек оқулықтар мен дәптерлермен ғана оқымайды, олар белсенді түрде технологияларды пайдаланады. Интерактивті тақталар, планшеттер және білім беру платформалары күнделікті оқу процесінің бір бөлігіне айналды. Мысалы, бала онлайн-тест тапсыра алады, оқыту бейнелерін көре алады немесе компьютерде тапсырмаларды орындай отырып, бағдарламалаудың негіздерін үйрене алады.

Мұғалімдер әр оқушыға жеке көзқараспен қарауға тырысады, олардың мықты және әлсіз жақтарын ескереді. Мысалы, егер бала есеп шығаруда қиналса, бірақ сурет салғанды ұнатса, тапсырмалар оның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін бейімделуі мүмкін. Сонымен қатар, сабақтарда топтық жобаларды жиі қолдану байқалады, бұл балаларға командада жұмыс істеуді, идеяларды ұсынуды және бірге мәселелерді шешуді үйретеді. Мұндай өзгерістер білім алуды қызықты әрі болашақ өмірге пайдалы етеді.

Бастауыш сынып оқушыларында Hard Skills дағдыларын дамыту негізгі академиялық білімдерді қалыптастырудан басталады. Мысалы, математика сабақтарында балалар қосу, азайту, қарапайым есептерді шешуді үйренеді. Оқуды қызықты ету үшін кубиктерді, сандар жазылған карточкаларды немесе планшеттегі арнайы қосымшаларды қолдануға болады. Осылайша, бала математиканың тек оқулықта ғана емес, күнделікті өмірде де қажет екенін түсінеді [2, 100 б.].

Практикалық тапсырмалар, мысалы, қолөнер жасау немесе конструктормен жұмыс істеу, Hard Skills-ті дамытуға көмектеседі. Балалар өлшеуді, кесуді, желімдеуді және сызба бойынша құрастыруды үйренеді. Мұндай тапсырмалар ұсақ моториканы, зейінді және нұсқаулықтарды орындау қабілетін дамытады. Мысалы, еңбек сабағында балаларға үйдің макетін жинауды немесе қарапайым ойыншық жасауды ұсынуға болады. Бұл қызықты ғана емес, сонымен қатар техникалық ойлауды дамытуға да пайдалы [1, 81 б.].

Сондай-ақ, оқушыларда «жұмсақ» дағдыларды дамыту – білім беру үдерісінің қажетті бөлігі. Стэнфорд, Карнеги қоры және Гарвард зерттеушілері адамның кәсіби табысының 85%-ы «жұмсақ» дағдылардан, ал тек 15%-ы «қатты» дағдылардан тұратынын анықтаған [4, 4 б.]. Оқушыларға «жұмсақ» дағдылар оқу барысында, кәсіби қызметте және күнделікті өмірде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін қажет.

Soft skills дағдыларының нақты тізімі мен классификациясы жоқ, әрбір зерттеуші өз тұжырымдамасын ұсынады. Дегенмен, Дүниежүзілік экономикалық форумның Давос кездесуінде болашақтың он негізгі «жұмсақ» дағдысы анықталған. Олардың қатарына мыналар кіреді: сыни ойлау, шешім қабылдау және пікір қалыптастыру қабілеті, командада жұмыс істеу дағдысы, бір тапсырмадан екіншісіне ауысу икемділігі, адамдарды басқару, клиентке бағдарлану, күрделі мәселелерді шешу, келіссөздер жүргізу, эмоцияларды бақылау және басқалардың сезімдерін түсіну, шығармашылық ойлау. Бұл дағдылар кез келген мамандықтағы сарапшыға қажет болады [5, 121 б.].

«Жұмсақ» дағдылар тек мансап құруға ғана емес, сонымен қатар жақын адамдармен, достармен жақсы қарым-қатынас орнатуға, оқуда табысты болуға көмектеседі. Жоба қорғау немесе баяндама жасау кезінде тыңдаушылардың назарын аударып, оны ұстап тұру үшін сауатты қарым-қатынас жасау және өз ойыңды анық жеткізу маңызды. Уақытты дұрыс бөлу және басымдықтарды анықтау қабілеті үй тапсырмаларын орындау, бақылау жұмыстар мен емтихандарға дайындық кезінде шаршамауға көмектеседі. Ал жоспарлауды тиімді пайдалану қойылған мақсаттарға тез жетуге ықпал етеді.

Hard Skills және Soft Skills дағдыларын бастауыш сынып оқушыларының арасында дамыту – олардың білім алуындағы және жылдам өзгеріп жатқан әлемге дайындалуындағы маңызды бөлігі. Қатты дағдыларды, мысалы, оқу, жазу, сандармен және компьютермен жұмыс істеуді игеру, баланың академиялық және кәсіби дамуына берік негіз қалайды. Сонымен қатар, жұмсақ дағдыларды, мысалы, қарым-қатынас жасау, сыни және креативті ойлау қабілеттерін дамыту балаларды бейімделуге, ынтымақтасуға және стандартты емес шешімдер табуға үйретеді. Осы екі дағдыны үйлестіре отырып, бала тек оқуда табысты болуды ғана емес, сонымен бірге басқалармен сенімді қарым-қатынас жасауды, қиындықтарды жеңуді және болашақта өз мақсаттарына қол жеткізуді үйренеді [6, 221 б.].

Бастауыш мектептегі практикалық сабақтар оқу мен кәсіби дамудың негізін құрайтын базалық академиялық және қолданбалы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл кезеңде балаларды оқу процесіне қызықтыру үшін ойындық және интерактивті әдістерді қолдану маңызды. Мысалы, «Крестик-нөлдіктер», «Миллионер болғың келе ме?» немесе «Монополия» сияқты дидактикалық ойындарды пайдалану балаларға ақпаратпен жұмыс істеуді, логикалық ойлауды және қаржылық сауаттылықтың негіздерін меңгеруге көмектеседі [7, 83 б.]. Мұндай әдістер оқу процесін қызықты етіп қана қоймай, материалды жақсырақ меңгеруге ықпал етеді.

Цифрлық технологиялар Hard Skills дамытуда маңызды рөл атқарады.

Компьютерлік сауаттылықты ойын платформалары мен интерактивті тапсырмалар арқылы енгізу балаларға компьютермен жұмыс істеуді, қарапайым жобалар мен презентациялар жасауды үйретеді. Мысалы, «Блум кубигі» сияқты геймификация әдістері арқылы балалар ақпаратты құрылымдауды және талдауды үйреніп, аналитикалық қабілеттерін дамытады [8, 108 б.]. Бұл әсіресе цифрландыру жағдайында маңызды, өйткені технологияларды меңгеру қазіргі білім берудің ажырамас бөлігіне айналуға.

Жобалық тапсырмалар да Hard Skills дамытуда тиімді құрал болып табылады. Макеттер құру ұжымдық жобаларға қатысу балаларға жоспарлау, рөлдерді бөлу және ақпаратты жүйелеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұндай сабақтар балаларды топта жұмыс істеуге, нұсқауларды орындауға үйретеді, бұл олардың практикалық білімдерін нығайтып қана қоймай, болашақта күрделі оқу және кәсіби міндеттерге дайындалуына ықпал етеді.

Бастауыш мектепте Hard Skills дағдыларын дамыту балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрекет арқылы тиімді оқытуды қажет етеді. Негізгі ерекшеліктердің бірі – қарапайымдылық пен көрнекіліктің маңыздылығы. Мысалы, математиканың негізгі амалдарын түсіндіру үшін нақты заттар қолданылады, бұл абстрактілі ұғымдарды түсінікті етеді. Бұған тек кубиктер немесе карточкалар ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін жағдайлар да жатады, мысалы, қосу және азайту амалдарының өмірде қалай қолданылатынын көрсету.

Маңызды элементтердің бірі – Hard Skills дағдыларын түрлі оқу әрекеттеріне енгізу. Мысалы, табиғатты бақылау сияқты қоршаған орта сабақтарындағы тапсырмалар балаларға ақпаратты жүйелеуге және қорытынды жасауға көмектеседі. Бұл әрі қарайғы оқуға қажетті аналитикалық ойлаудың негізін қалайды. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық элементтері, мысалы, ойын валютасымен жұмыс істеу немесе шартты сатып алулар, балаларды санауға және шешім қабылдауға үйретеді.

Заманауи технологиялар бастауыш сынып оқушыларына бұрын тек жоғарғы сыныптарда үйретілетін дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, қарапайым ойындар немесе интерактивті тапсырмалар арқылы балалар компьютермен жұмыс істеуді бастайды: мәтін енгізу, нысандарды жылжыту, деректерді сұрыптау. Мұндай тәсіл оқу процесін тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар қызықты етеді және балада өзіне деген сенімділікті қалыптастырады.

Бастауыш мектептегі практикалық сабақтар қызықты болуы керек және балаларға оқу мен өмірде қажет болатын нақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы қажет. Олар оқушыларға болашақта дамуы үшін негіз болатын дағдыларды ерте жастан бастап үйренуге мүмкіндік береді [9, 4 б.].

Бастауыш сынып оқушыларында Hard Skills дағдыларын дамыту – олардың академиялық және өмірлік қабілеттерінің негізін қалау үшін маңызды қадам. Бұл дағдылар тек оқуда ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де қажет. Қазіргі заманғы білім беру үдерісі цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Мұғалімдер оқу процесін баланың қызығушылығына бейімдеп, теорияны тәжірибемен үйлестіріп, балаларға математика, компьютерлік сауаттылық және шығармашылық қабілеттерді тиімді үйретеді.

Hard Skills пен Soft Skills-ті дамыту – бір-бірін толықтыратын және болашаққа дайындалу үшін қажет маңызды құрал. Қатты дағдылар білім берудің негізін қалыптастырса, жұмсақ дағдылар баланы бейімделуге, командада жұмыс істеуге және креативті ойлауға үйретеді. Мұндай тәсіл оқушыларға болашақта өз әлеуетін іске асырып, өмірдің түрлі салаларында табысқа жетуге көмектеседі.

Сонымен қатар, балаларды тәжірибелік сабақтарға, жобалық жұмыстарға және командалық әрекеттерге қатыстыру оларды ынтымақтастыққа, жауапкершілікке және шешім қабылдау қабілетіне үйретеді. Осылайша, бастауыш мектептегі дағдыларды дамыту білім беру

жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады және балалардың жарқын болашағы үшін сенімді негіз қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Аттоева М. И. Оқу пәндерін интеграциялау – бастауыш білім берудің тиімділік факторы // Ғылым және білім мәселелері. – 2020. – № 3. – Б. 79–82.*
2. *Асманова, Ю.И., Горячева, М.В. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл педагогикалық технологиялардың негізі ретінде / Ю. И. Асманова, М. В. Горячева. // Білім беруді интеграциялау, 2019. – № 2. – Б. 99–104.*
3. *Скрипова, Н. Е. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мазмұнын іріктеу негіздері: цифрландыру жағдайындағы / Н. Е. Скрипова. – Текст: тікелей // Қазан педагогикалық журналы. – 2021. – № 3. – Б. 35–41.*
4. *Гуацаева, А.А. Soft skills дағдыларын дамыту қазіргі заманғы кәсіби білім берудің тренді ретінде (коммуникативтілік, командада жұмыс істей білу) [Электрондық ресурс]. – Қол жетімділік режимі:
<https://infourok.ru/razvitie-soft-skillskak-trend-sovremennogo-professionalnogo-obrazovaniya-kommunikativnost-umenie-rabotatv-komande-2374103.html>.*
5. *Цымбалюк, А. Э. Soft skills психологиялық мазмұны / А. Э. Цымбалюк, В. О. Виноградова. – Текст: тікелей // Ярослав педагогикалық хабаршысы. – 2019. – № 6 (111). – Б. 120–127.*
6. *Яркова, Т. А. Педагогикалық стандартты жүзеге асыру жағдайында студенттердің икемді дағдыларын қалыптастыру / Т. А. Яркова, И. И. Черкасова. – Текст: тікелей // Түмен мемлекеттік университетінің хабаршысы. Гуманитарлық зерттеулер. Humanities. – 2019. – Т. 2, № 4. – Б. 222–234.*
7. *Шаров, А. А. Педагогикалық білім беру оқытушыларының дайындығының хард-компетенциялары / А. А. Шаров, Д. П.*

Заводчиков, И. В. Осипова. – Текст: тікелей // Инновациялық ғылыми заманауи академиялық зерттеу траекториясы (ИНСАЙТ). – 2021. – № 2 (5). – Б. 82–90.

8. Жаңа білім беруге арналған он екі шешім: стратегиялық әзірлемелер орталығы мен жоғары экономика мектебінің есебі / Жалпы редакциясын басқарған Я. И. Кузьминов, И. Д. Фрумин. – Мәскеу: Ұлттық зерттеу университеті «Жоғары экономика мектебі», 2018. – 108 б. – URL: <https://publications.hse.ru/mirror/pubs/share/direct/218061758.pdf>.
9. Шипилов, В. *Hard skills* дағдыларының тізімі және оларды дамыту тәсілдері / В. Шипилов. – URL: https://www.cfin.ru/management/people/dev_val/hard-skills.shtml.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.